

**А. Ғ. Ахашов, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы,  
полиция аға лейтенанты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Біздің елде Конституция жүзінде адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары әркімге туылғанынан тиесілі және ажырамайтын болып табылады, ал оларды тану, сақтау және қорғау мемлекеттің басты міндеттері қатарына жатады. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, және азаматтардың өмірі мен денсаулығын мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде орнатады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан құқықтық реформаларда азаматтардың заңмен қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделерінің басымдығын бекітетін конституциялық ережені жүзеге асыру негізгі міндет болуға тиіс. Қоғамда әрқашан адамдардың бір-бірімен және қоршаған ортаның заттарымен әсерлесуі байқалып отырады. Кейбір жағдайда олар қарқынды жүріп отыратындықтан, олардың салдарын болжау мүмкін емес. Осындай әсерлесудің нәтижесінде азаматтардың мүліктік және мүліктік емес игіліктеріне зиян келтірілуі оқтын-оқтын кездесіп отырады. Ол сәтсіз жағдайдың немесе біреудің қасақана пиғылының, абайсыздығының немесе лауазымды тұлғаның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінен болуы мүмкін.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың, соның ішінде тергеу органдарының заңсыз әрекеттеріне мыналар жатады: қылмысты дәрежелену кезінде қылмыстық заң нормаларын дұрыс қолданбау; бұлтартпау шараларын немесе заңда көзделген өзге де процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; қылмыс жасағаны үшін сезікті ретінде ұсталған адамды немесе бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алған адамды оның өміріне және денсаулығына қауіпті жағдайда ұстау; қамаудағы емес адамды сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін бұл туралы сот шешімі болмаса да, медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыру; зорлық, қатаң немесе адамның ар-намысын қорлайтын шаралар қолдану; процессуалдық әрекеттерді оған қатысатын адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп тудыратын жағдайларда өткізу, қылмыстық процеске қатысушы адамның абыройын қорлайтын немесе ар-намысын кемітетін шешімдер шығару және әрекеттер жасау жеке өмір туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де адамның құпия етуді қажет көрген жеке сипаттағы мәліметтерді ҚДЖК-да көзделмеген мақсаттар үшін қолдану және жариялау; заңсыз соттау; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану; тәрбиелік ықпал ету мәжбүрлеу шараларын және басқаларын заңсыз қолдану<sup>1</sup>.

Осы жағдайда зиянның орнын толтырудың ауыртпалығын кім көтеруі керек: зардап шеккен тұлға ма, зиян келтіруші тұлға ма немесе зардап шегуші де, зиян келтіруші де болып табылмайтын үшінші тұлға ма, осы мәселені анықтау қажеттігі туады.

Күдікті, айыпталушы, сотталушы және сотталған адамдар да сот ісін жүргізу барысында зорлыққа ұшыраған немесе қатаң ұсталған жағдайда, қылмыстық процесс жүргізуші органдардың шешімдерімен немесе әрекеттерімен олардың қадір-қасиеті кемітілсе немесе қаралып жатқан іс бойынша адамның құпия деп тануды қажет еткен жеке сипаттағы мәліметтері жинақталып, қажетсіз жария етілген немесе таратылған жағдайда, сондай-ақ бас бостандығынан айырылған адам өмірге және денсаулыққа қауіпті жағдайда ұсталса, өздеріне келтірілген зиянды өтеттіруге құқылы.

Зиянды өтеу институты азаматтық құқық нормаларының құқықтық реттеу пәні болып табылатыны бәрімізге мәлім. Алайда азаматтардың моральдық немесе материалдық құндылықтарына құқыққа қайшы қол сұғу көп жағдайларда қылмыс арқылы келтіретіндігі сөзсіз. Бүгін де істердің неғұрлым көп бөлігін қылмыстық процесті жүргізуші органдардың іс-әрекеттерімен моральдық және материалдық зиянды өтеу туралы талаптар құрайтындығы анықталып отыр. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда — оны дереу толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, құқықты құрметтеу көзқарасына жәрдемдесуі тиіс. Осылайша

заң шығарушы Қазақстан Республикасының заңнамаларында зиянды өтеуді ең маңызды міндет деп анықтаған. Алайда қазіргі таңда тергеу органдарының қылмыспен күрес барысында аса қажеттілік жағдайларында орын алуы мүмкін. Бірақ біз қарастыратынымыз тергеу органдарының іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу болып отыр. Тергеу органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу келесі ережелермен сипатталады: қылмыстық іс жүргізу барысында келтірілген зиян толық өтелуі тиіс; азаматқа келтірілген зиян, заңсыз іс-әрекетті жасаған лауазымды тұлғаның кінәсіне қарай өтеледі; тергеу органдарымен келтірілген зиян мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі; мемлекет тергеу органдарының заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген зиянды нақты лауазымды тұлғадан регресстік талап арқылы өндіре алады.

Адамға заңсыз ұстап алудың, күзетпен ұстаудың, ұйқамақтың, лауазымынан уақытша шеттетудің, арнаулы медициналық ұйымға орналастырудың, соттаудың, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың салдарынан келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі.

Ғылыми әдебиетте зиянның орнын толтыру мәселесінің қойылуы мен шешілу тәртібі екі түрге бөлінеді. Жіктелу өлшемі болып келтірілген зиянның сипаттамасы табылады. Мұндай көзқарасты ұстанатын көбіне ресейлік авторлар, соның ішінде аталған тұжырымды К.Ф. Гуценконың еңбектерінен кезіктіруге болады<sup>ii</sup>.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына сүйене отырып, келесідей екі тәртіпті бөліп көрсетуге болады:

1) зиян келтірушінің, яғни зиян келтірген органның ерікті түрде зиянның орнын толтыру туралы шара қабылдауы;

2) азаматтық сот өндірісі тәртібімен келтірілген зиянның орнын толтыру.

Бұл жерде, жіктелу белгісі ретінде, зиянның орнын толтыру туралы мәселені шешетін орган тұрады. Ұсынылған тәртіптердің ішінен біріншісі, моральдық зиянды қоспағанда, азаматқа келтірілген зиянның орнын толтыру жағдайында қолданылады. Екіншісі — заңды тұлғаға келтірілген зиянның орнын, азаматқа келтірілген моральдық зиянның орнын толтыруда, сонымен қатар азаматтық зиянның орнын толтыру немесе қалпына келтіру туралы талабы зиян келтіруші — органмен қанағаттандырылмаған болса немесе ол қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда қолданылады.

Тергеу органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген мүліктік зиянды өтеуге келесілер жатады:

1) олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды;

2) соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті;

3) соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды;

4) заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды;

5) қылмыстық қудалау салдарынан шегілген өзге де шығыстарды өтеу<sup>iii</sup>.

Мүліктік зиянды өтеумен қатар, тергеу органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген моральдық зиянды өтеумен толықтыруға болады. Моральдық зиян дегеніміз — жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т. б.). танылады. Қылмыстық процесті жүргізетін, адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін одан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 41-бабына сәйкес, келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылады. Егер адам заңсыз қылмыстық қудалауға ұшырап, ал қылмыстық қудалау, ұстап алу, күзетпен ұстау, лауазымынан уақытша шеттету қолданылып, кейіннен заңсыз деп танылған басқа да әрекеттер туралы мәліметтер баспасөзде жарияланса, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылса, онда осы адамның талап етуі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда, оның туыстарының немесе оның құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім

қабылдаған, қылмыстық процесті жүргізетін органның талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралдары бір айдың ішінде бұл туралы қажетті хабар жасауға міндетті.

Атап айтқанда тергеу амалдары ішкі істер органдары қызметінің бір түрі болып табылады және де мемлекеттің басқа да қызметтері сияқты қателіктерден сақтандырылмаған. Жоғарыда айтқандай азаматтарға келтірілген зиян тергеу органдарының мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру барысында орын алуына байланысты, келтірілген зиянды өтеу мемлекетке жүктеледі. Қылмыстық процестің кодексінде азаматтарды негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғау, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету талабы қойылған. Бұл талап қылмыстық іс жүргізу органдарының өз қызметін атқаруда ерекше орын алады. Өйткені, қылмыстық іс жүргізу қызметінің негізгі мақсаты азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғау болғандықтан, ол қызметті атқаратын мемлекеттік органдар заңдылық принципін қатаң сақтауға міндетті. Олай болса да, бұл органдардың қызмет атқару тәжірибесінде, өкінішке орай, адам құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеудің кездесетіндігі және басқа да кемшіліктердің болатындығы жоққа шығарылмайды. Сондықтан ҚПК-нің төртінші тарауы қылмыстық процестегі ақтау институтына және қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетімен келтірілген зиянды өтеу мәселелеріне арналған. Ақтау ұғымының тікелей мағынасы кінәсіз адам қылмыстық қудалауға ұшыраған жағдайда оның зиянды зардаптарын тез арада жойып, ол адамның құқықтары мен абыройын қалпына келтіру болып табылады. Кең мағынада, ақтау ұғымы — азаматтардың құқықтары мен бостандықтары заңсыз шектеген барлық кездерде де оның зардаптарын жою үшін қолданылатын шараларды білдіреді. Мәселен, сезіктіге бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу негізсіз қолданылған жағдайда оның жеке басының бостандығы заңсыз шектеледі. Олай болса, тергеу органы сезіктінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге міндетті болып табылады.

Аталған мақаланы қорытындылай келе, сот шешімі негізінде, келтірілген зиянның орнын толтыру жағдайларының шамалы ғана пайыздық көрсеткіші келесідей түсіндіріледі, яғни көп жағдайда қалпына келтірілуші тұлғаның қалпына келтіру құқығына ие бола алатынын және бұл құқығын жүзеге асыру тәртібі болатындығын білмеуі салдарынан орын алады. Аталған жағдайлар туындаған кезде, ҚР Конституциясын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы ҚПК көрсетілген ережелерге және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі» туралы 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 Қаулысында баяндалған түсіндірмелерге сәйкес қылмыстық процесті жүргізуші органмен, келтірілген зиянның орнын толтыртып алуға құқылы тұлғаларға түсініктеме жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Зиянның орнын толтыртып алу туралы ұсыныспен зиян келтіруші — органға жүгінген тұлғаларға бас тартылған жағдайда, қалпына келтірілуші бұл тұлғалар бұдан әрі сотқа жүгінуге талпынбайды, себебі қанша тырысқанымен, келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкін емес деген байламға келеді.

Осындай жағдайлар орын алған кезде тұрғындарға жаппай ақпарат құралдары арқылы олардың құқықтарының қорғалу тәртібі туралы түсініктеме жұмыстарын жүргізу үшін шаралар қолдану керек, сонымен қатар зиян келтіруші органдардың өздерінің аталған тұлғаларға зиянның орнын толтыруға қатысты түсіндірме беру қызметіне бақылауды күшейту қажет.

---

<sup>i</sup> Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысы 1999 жылғы 9 шілде № 7 // [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

<sup>ii</sup> Бесхлебнова У. А., Идрышева С. К. Проблемы механизма возмещения вреда, причиненного незаконными действиями органов дознания, следствия, прокуратуры и суда, в законодательстве Республики Казахстан // Вестник КАСУ. — 2005. — № 3.

---

iii Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі. (04.08.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>